

ISSN 2518-1483 (Online),
ISSN 2224-5227 (Print)

2016 • 6

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ
БАЯНДАМАЛАРЫ

ДОКЛАДЫ

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

REPORTS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

ЖУРНАЛ 1944 ЖЫЛДАН ШЫҒА БАСТАҒАН
ЖУРНАЛ ИЗДАЕТСЯ С 1944 г.
PUBLISHED SINCE 1944



Б а с р е д а к т о р ы
х.ғ.д., проф., ҚР ҰҒА академигі **М.Ж. Жұрынов**

Р е д а к ц и я а л қ а с ы:

Адекенов С.М. проф., академик (Қазақстан) (бас ред. орынбасары)
Боос Э.Г. проф., академик (Қазақстан)
Величкин В.И. проф., корр.-мүшесі (Ресей)
Вольдемар Вуйчик проф. (Польша)
Гончарук В.В. проф., академик (Украина)
Гордиенко А.И. проф., академик (Белорус)
Дука Г. проф., академик (Молдова)
Илолов М.И. проф., академик (Тәжікстан),
Леска Богуслава проф. (Польша),
Локшин В.Н. проф. чл.-корр. (Қазақстан)
Нараев В.Н. проф. (Ресей)
Неклюдов И.М. проф., академик (Украина)
Нур Изура Удзир проф. (Малайзия)
Перни Стефано проф. (Ұлыбритания)
Потапов В.А. проф. (Украина)
Прокопович Полина проф. (Ұлыбритания)
Омбаев А.М. проф. (Қазақстан)
Өтелбаев М.О. проф., академик (Қазақстан)
Садыбеков М.А. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Сатаев М.И. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Северский И.В. проф., академик (Қазақстан)
Сикорски Марек проф. (Польша)
Рамазанов Т.С. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Такибаев Н.Ж. проф., академик (Қазақстан), бас ред. орынбасары
Харин С.Н. проф., академик (Қазақстан)
Чечин Л.М. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Харун Парлар проф. (Германия)
Энджун Гао проф. (Қытай)
Эркебаев А.Э. проф., академик (Қырғыстан)

«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының баяндамалары»

ISSN 2518-1483 (Online),

ISSN 2224-5227 (Print)

Меншіктенуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» Республикалық қоғамдық бірлестігі (Алматы қ.)
Қазақстан республикасының Мәдениет пен ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде 01.06.2006 ж.
берілген №5540-Ж мерзімдік басылым тіркеуіне қойылу туралы куәлік

Мерзімділігі: жылына 6 рет.

Тиражы: 2000 дана.

Редакцияның мекенжайы: 050010, Алматы қ., Шевченко көш., 28, 219 бөл., 220, тел.: 272-13-19, 272-13-18,
<http://nauka-nanrk.kz>, reports-science.kz

© Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы, 2016

Типографияның мекенжайы: «Аруна» ЖК, Алматы қ., Муратбаева көш., 75.

Главный редактор
д.х.н., проф., академик НАН РК **М. Ж. Журинов**

Редакционная коллегия:

Адекенов С.М. проф., академик (Казахстан) (зам. гл. ред.)
Боос Э.Г. проф., академик (Казахстан)
Величкин В.И. проф., чл.-корр. (Россия)
Вольдемар Вуйчик проф. (Польша)
Гончарук В.В. проф., академик (Украина)
Гордиенко А.И. проф., академик (Беларусь)
Дука Г. проф., академик (Молдова)
Илолов М.И. проф., академик (Таджикистан),
Леска Богуслава проф. (Польша),
Локшин В.Н. проф. чл.-корр. (Казахстан)
Нараев В.Н. проф. (Россия)
Неклюдов И.М. проф., академик (Украина)
Нур Изура Удзир проф. (Малайзия)
Перни Стефано проф. (Великобритания)
Потапов В.А. проф. (Украина)
Прокопович Полина проф. (Великобритания)
Омбаев А.М. проф. (Казахстан)
Отелбаев М.О. проф., академик (Казахстан)
Садыбеков М.А. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Сатаев М.И. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Северский И.В. проф., академик (Казахстан)
Сикорски Марек проф., (Польша)
Рамазанов Т.С. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Такибаев Н.Ж. проф., академик (Казахстан), зам. гл. ред.
Харин С.Н. проф., академик (Казахстан)
Чечин Л.М. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Харун Парлар проф. (Германия)
Энджун Гао проф. (Китай)
Эркебаев А.Э. проф., академик (Кыргызстан)

Доклады Национальной академии наук Республики Казахстан»

ISSN 2518-1483 (Online),

ISSN 2224-5227 (Print)

Собственник: Республиканское общественное объединение «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы)

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации и архивов Министерства культуры и информации Республики Казахстан №5540-Ж, выданное 01.06.2006 г.

Периодичность: 6 раз в год.

Тираж: 2000 экземпляров

Адрес редакции: 050010, г.Алматы, ул.Шевченко, 28, ком.218-220, тел. 272-13-19, 272-13-18

<http://nauka-nanrk.kz> reports-science.kz

©Национальная академия наук Республики Казахстан, 2016 г.

Адрес типографии: ИП «Аруна», г.Алматы, ул.Муратбаева, 75

E d i t o r i n c h i e fdoctor of chemistry, professor, academician of NAS RK **M.Zh. Zhurinov****E d i t o r i a l b o a r d :****Adekenov S.M.** prof., academician (Kazakhstan) (deputy editor in chief)**Boos E.G.** prof., academician (Kazakhstan)**Velichkin V.I.** prof., corr. member (Russia)**Voitsik Valdemar** prof. (Poland)**Goncharuk V.V.** prof., academician (Ukraine)**Gordiyenko A.I.** prof., academician (Belarus)**Duka G.** prof., academician (Moldova)**Ilov M.I.** prof., academician (Tadjikistan),**Leska Boguslava** prof. (Poland),**Lokshin V.N.** prof., corr. member. (Kazakhstan)**Narayev V.N.** prof. (Russia)**Nekludov I.M.** prof., academician (Ukraine)**Nur Izura Udzir** prof. (Malaysia)**Perni Stephano** prof. (Great Britain)**Potapov V.A.** prof. (Ukraine)**Prokopovich Polina** prof. (Great Britain)**Ombayev A.M.** prof. (Kazakhstan)**Otelbayv M.O.** prof., academician (Kazakhstan)**Sadybekov M.A.** prof., corr. member. (Kazakhstan)**Satayev M.I.** prof., corr. member. (Kazakhstan)**Severskiy I.V.** prof., academician (Kazakhstan)**Sikorski Marek** prof., (Poland)**Ramazanov T.S.** prof., corr. member. (Kazakhstan)**Takibayev N.Zh.** prof., academician (Kazakhstan), deputy editor in chief**Kharin S.N.** prof., academician (Kazakhstan)**Chechin L.M.** prof., corr. member. (Kazakhstan)**Kharun Parlar** prof. (Germany)**Endzhun Gao** prof. (China)**Erkebayev A.Ye.** prof., academician (Kyrgyzstan)**Reports of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.****ISSN 2224-5227****ISSN 2518-1483 (Online),****ISSN 2224-5227 (Print)**

Owner: RPA "National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan" (Almaty)

The certificate of registration of a periodic printed publication in the Committee of Information and Archives of the Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan N 5540-Ж, issued 01.06.2006

Periodicity: 6 times a year

Circulation: 2000 copies

Editorial address: 28, Shevchenko str., of.219-220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19, 272-13-18,

<http://nauka-nanrk.kz/> reports-science.kz

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2016

Address of printing house: ST "Aruna", 75, Muratbayev str, Almaty

REPORTS OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

ISSN 2224-5227

Volume 6, Number 310 (2016), 115 – 121

UDC 341.77

Z.K. Ayupova¹, D.U. Kussainov²

¹Kazakh National Agrarian University, Almaty, Kazakhstan

²Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

e-mail: zaure567@yandex.ru

TO THE QUESTION ABOUT THE SOURCES OF THE SYSTEM OF EDUCATION IN KAZAKH CULTURE

Abstract. In the modern society a special attention is paid to the problems of reforming of education system. The social and cultural processes happening in economy of our state demand competent specialists capable to satisfy to the growing requirements of education system. The education system of our country has its deep historical roots. Therefore in this article the cultural and philosophical analysis of formation and development of philosophy of education is carried out. The authors study the history of development and formation of the idea of education and its place in Kazakh culture, and also an education role in formation of education philosophy in the modern education system of the Republic of Kazakhstan. The authors deeply studied historical materials on this problem for complete and reliable disclosure of this problem. It seems to us that the philosophy of Kazakh education, holding the specific place in world philosophical process, brightly reflects specifics and essence of formation and development of spiritual processes in the formation of the national idea of our state.

Keywords: education, education system, reforms in education, national culture, national schools, national universities, continuity of education, an education humanization, anthropocentric approach in education, dual education.

ӘОЖ: 341.77

З.К. Аюпова, Д.Ө. Құсайынов

ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ БАСТАУЛАРЫ МӘСЕЛЕСІНЕ

Аннотация. Қазіргі білім жүйесін реформалау мәселелеріне маңызды көңіл аударылады. Еліміздің экономикасында жүріп жатқан күрделі әлеуметтік-мәдени процесстер білім жүйесінен өмір талаптарына сай, экономиканы меңгере алатын, өндіріс қажеттіктеріне машықтанған кадрлар дайындауды талап етеді. Еліміздің білім жүйесі өзінің өте бай тарихи дәстүрлеріне ие. Сондықтан да, бұл мақаланы ағартушылық философиясының қалыптасуы мен дамуына мәдени-философиялық талдау жасауға арнадық. Біз қазақ мәдениетіндегі ағартушылық идеялардың бастауларын қарастыра отырып, ағартушылықтың білім философиясының қалыптасуындағы рөлі мен қазіргі білім беру жүйесінің қалыптасуына жасаған әсерлерін зерттедік. Мәселені жан-жақты және толық ашу үшін, осы мәселеге байланысты тарихи деректерге терең сүйене отырып, қазақ ағартушылық философиясының мәні мен маңызын аштық. Себебі ағартушылық философиясында ұлттың руханилығының бастаулары мен біздің мемлекетіміздің ұлттық идеясының қалыптасу тарихы айқын көрсетілген.

Түйін сөздер: білім, білім жүйесі, білімдегі реформалар, ұлттық мәдениет, ұлттық мектептер, ұлттық университеттер, білімдегі сабақтастық, білімді гуманизациялау, білімдегі антропоцентризм, дуальды білім беру.

Әлемдік мәдениетте философиялық ой үрдістерінің дамуы мен қалыптасуы тарихында білім беру жүйесіне әрбір елдің мәдениетінде ерекше көңіл бөлінген. Жалпы қабылданған ұстанымдар бойынша білім беруге арнап зерттеулер жасап, еңбектер жазған француз ағартушылары, Гельвеций, Ламетри, Гольбах, Дидро тағы басқалары. Осы үрдістер қазақ мәдениетінде де ерекше орын алады. Қазақ халқының ағартушылық ісінің даму тарихы сонау ғасырлар қойнауына тереңдеп кетеді. Ағартушылық - адам ақылының табиғи жемісі есебінде туындаған адамзаттың белгілі бір халықтың, ұлттың рухани есею, жетілу дәуірі. Ағартушылық кезеңді басынан өткермеген ел де, халық та жоқ. Алайда ол нақтылы тарихи, саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдайда болып дамиды. Осыдан келіп ағарту дәуірінің хронологиялық кезеңдері, оның даму ерекшеліктері, әр елдер мен халықтар үшін әртүрлі болып дамуы заңды. Ағартушылық - халықтардың рухани мәдениеті дамуының толық қанды, тарихи заңды кезеңдерін құрайды. Қазақ халқының ағартушылық ісі, біздің ойымызша, бірнеше кезеңді құрайды. Бірінші кезең- VI ғасырдан XV ғасырға дейінгі ағартушылық саланың бастаулары, оның пайда болуының ең бастапқы сатыларына: Орхон-Енисей немесе көне түркі жазулары, әл-Фараби мұралары, Алтын Орда ойшыл-ақындарының туындылары жатады [1].

VI-IX ғасырлар арасында пайда болып халқымыздың ежелгі рухани, мәдени мұрасының белгісіндей сипатқа ие болған Орхон жазбалары қазіргі замандастарымыздың жалпы әлемдік сол тарихи кезеңге тән түркілік қоғамның дүниетанымдық жүйесінен хабардар етеді. Сонымен қатар, оның өзіндік биікке көтерілген мәдениеті болғанын да танытады.

Жалпы Орхон жазбалары бізге халқымыздың ежелгі жазба мәдениетін құрметтеуге, екіншіден тәуелсіздігін нығайтып жатқан еліміздегі әрбір азаматтың өз елін, өз жерін ежелгі түркілерше сүйе білуге итермелейді, үшіншіден рухтың мықтылығы ғана адамдарды үлкен жетістіктерге жетелейтіндігін көрсетіп береді. Сондықтан, ежелгі түркілердің бір қарағандағы қарапайым дүниетанымның астарында жатқан қуатты күштердің бар екендігін байқағанда ғана халқымыздың өткен тарихында қордаланған мәдени мұраның құдіретін шынайы түрде сезіне аламыз. Ал, ол түсініктер мәңгі дамуға, рухани жетілуге, қиындықтарды жеңе білуге бағытталғаны белгілі. Сондықтан қазақтардың ежелгі ата-бабаларының ең ерте кездегі жазу үлгілері Орхон-Енисей немесе көне түркі жазбалары өткен келешектің көпірі сияқты. Ондай жазбалар тарихтың сабақтастығын күшейтіп, ұрпақтар арасындағы байланысты нығайта түсері белгілі. Осындай жазу ескерткіштерінің арасынан бізге Білгеқаған мен оның бауыры, қолбасшы Күлтегіннің құрметіне тасқа қашап жазылған жазбалар көбірек таныс (б.д. 732 ж.). Көне түркілердің ауыз әдеби дәстүрі бізге аты аңызға айналған Қорқыт атаның есімін жеткізді.

«Қорқыт Ата кітабының» XV ғасырда хатқа түскені рас. Бірақ бұл жырлардың VI-VII ғасырлар арасында туғаны, ортаға уақыт салып Қап тауын асып, Анадолы жеріне табан тіреген ұрпағының ата жұртын сағанып, есінде қалған Қорқыт жырын қағазға түсіргені ғылымда дәлелденген шындық. Қорқыт Ата жыры ата жұрттан жыраққа қоныс аударған түркі баласының жадында жеті ғасыр бойы сақталған болса, ата жұрттың өзінде, тіпті, аты дүрілдеп аңызға айналған шығар ау. Қорқыт Ата аңызы, оның жыры мен күйі, арманы мен мұраты он ғасырдан астам уақыт бойы Еуразия құрлығының орталығын жайлаған барша түркі жұртының иманы мен сезімін баурап, рухын шыңдап келе жатқаны ақиқат. Тіпті, зерделеп қараған адам Жүсіп Баласағұн мен Әбу Насыр әл-Фараби еңбектерінен, Науаи мен Низами дастандарынан, Асан қайғы мен Бұқар жырау толғауларынан, Мақтымұлы мен Жүніс Әміре шығармаларынан, Абай мен Мағжан жырларынан Қорқыт Ата ойларының ізін көруге болады [2, С. 307]. Қорқыт Атаның рухани мұрасы бүкіл түркі халқының VII-VIII ғасырлардан кейінгі мәдениетіне негіз болып қаланған ірге тас екен.

Қорқыт Ата жырлары, ең алдымен, елді ел етіп сақтап қалудың қамын толғайды. Батырлықты, бір сөзділікті, ел мүддесі жолында жанын беруге даяр жанпидалықты барша түрік жұртына өсиет етеді. Екіншіден, Қорқыт - ел бірлігін нығайтқан кемеңгер қайраткер ғана емес, түркілік дүниетанымның мәйегін жасап кеткен ғұлама ойшыл, әлемдік ақыл-ой мәдениетінде өз орны бар философ-гуманист. Зерттеушілер өлімнен қашқан Қорқыт философиясын әйгілі Шумер эпосы «Гильгамеш туралы жырдағы» Гильгамеш әрекетімен салыстырады. Ал, Мұхтар Әуезов Қорқыт аңызын гректің адамзатқа от ұрлап сыйлайтын Прометей туралы аңызымен теңестіреді. Қалай болғанда да, мәңгілік өмір жолында күресу, күй тілімен ажалды жеңу философиясы әлемдік философиядағы оқшау ой.

Үшіншіден, Қорқыт Ата қара қобызды түркі жұртының әруақты аспабына айналдырған ұлы күйші, түркі саз өнерінің негізін қалаушы. «Күй атасы - Қорқыт» дейді қазақ халқы. «Қорқыт Шығыстың ең алғашқы бақсысы» дейді Шоқан Уәлиханов. Қай пікірде де шындық бар. Төртіншіден, Қорқыт Ата - бүкіл түркі жұртына ортақ имандылық пен сыйластық, әдептілік пен ізеттілік өлшемдерін кейінгі ұрпағына өсиет етіп кеткен данагөй бабамыз. VIII ғасырдан жеркен Қорқыт Ата жырларында әке мен бала, аға мен іні, қалыңдық пен күйеу, ер мен әйел арасындағы сүйіспеншілік, бірі үшін бірі жан беруге әзірлік керемет суреттелген.

Тіпті, «жауыңның өзін сыйла, опасыздық жасама, намысына тиме» деп өсиет айтады Қорқыт баба. Қорқыттың көтерген мәңгілік мәселесі - өмірсүйгіштікке шақыру, өмірді сүйген адам ғана өз ұрпағын адамгершілік негізінде тәрбиелей алады, сол арқылы жалпы халықтың болашағы алдында өзінің жауапкершілігін түсінеді және перзенттік борышын барынша парасаттылық пен ыждағатты түрде орындауға тырысады. Қорқыттың өмірдің құндылығын өнерден іздеуі келесі ғасырларда әл-Фарабидің оны ғылым мен білімнен іздеуімен жалғасады.

Фарабидің ілімі Орта Азия мен Қазақстан халықтарының педагогикалық ой-пікірлерінің дамуына жан-жақты ықпал етіп, ғасырдан ғасырға жалғасты.

X-XI ғасырларда әл-Фарабидің кітаптары Шығасқа кең тарап, кейінірек Анадолусиялық кейбір ғалымдардың оның жолын жалғастыруына байланысты Батыс елдеріне де таралған. Әл-Фарабидің көзқарасы бойынша адамның шынай рухани кемелдікке жетуі оның танымының теориялық және практикалық тұрғыдан тең меңгерілуіне байланысты. Өйткені әл-Фараби өмір сүрген уақыт пен кеңістікте философияның негізгі міндеті адамзаттың игілігіне қызмет етіп келе жатқан дін мен ғылымның бірлігін қамтамасыз ету болатын [3].

Фарабидің гуманистік идеяларға толы педагогикалық ой-пікірлері оның көптеген трактаттарында өрбіп отырды. Оның ілімін кейінірек Абу Райхан Бируни, Ибн Сина, Жүсіп Баласағұни, Ибн Руид Низами, Әлішер, Науаи, Ахмет Иассауи және Еуропа ғалымдары да өз шығармашылықтарында әрі қарай жалғастырды.

IX-XII ғасырларда Жетісу қоғамдық ой-дүниесіндегі көрнекті тұлғалардың бірі Жүсіп Баласағұни болды. 1015 (1016) жылы қазіргі Шу өзені бойындағы Баласағұн, кейде Құз Орда деп аталатын қалада атақты түрік әкімінің отбасында дүниеге келген Жүсіп Баласағұни түрік білімімен қатар парсы-тәжік және соғды бастауларын қамтыған терең білім алды.

Баласағұни өз еңбектерін түркі династиясының аса гүлденген кезеңі - Қараханидтер дәуірінде жазды. Түрік тілінде аса жоғары көркемдік деңгейдегі шығармалары дүниеге келді. Солардың бірі - «Құтадғу білік» шығармасын автор 1069 жылы Қашқар қаласына қызмет бабымен ауысқанда жазған. Қараханид сарайы 85 тарау, 6 520 бәйіттен тұратын және қосымша 124 бәйіттен тұратын еңбекті жоғары бағалап, Баласағұнға бас кемеңгер, сарай министрі атаған берді.

Жүсіп Баласағұнидің «Құтадғу білік» (Құтты білік) кітабы - кейінгі ұрпаққа жеткен, Орта Азия мен Қазақстанның түркі тілдес халықтарына ортақ зиялы әдебиеттің ең бірінші ескерткіші. Бұл кітап адам өміріндегі білімнің рөліне бақыт туралы, жақсы мен жаман қылықтар туралы, сөздің пайдасы мен зияны жайлы, басшыларға қажет қасиеттер туралы қоғамның әртүрлі жіктерінің өкілдерімен қатынас жасай білу өнері туралы ой-толғауларды қамтиды [4].

Қазақ халқының (түркі тілдес халықтардың бәрінің де) қоғамдық пікірінде ерекше көзге түсетін тұлға - Махмұд Қашқари. Ол тілдің халықтардың рухани дамуында үлкен қызмет атқаратынын сезіп, оған өзінің өмірін арнады. Махмұд Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрік» деп аталатын еңбегі тіл мәдениеті тұрғысынан бағалы, теңдессіз ескерткіш ретінде бағаланады. Қашқаридың дүниетанымдық көзқарасы әдеби-тілдік зерттеушілерге арқау болған номад түркілерінің далалалық лирикасында, түркі тілдес халықтардың классикалық поэзиясында, халық даналығының бай інжу-маржандарында, ежелгі ауыз әдебиеті нұсқауларында, мақал-мәтелдері мен бәйіттерінде көрініс тапқан түркі мәдени дәстүрінен негіз алады.

Махмұд Қашқари кісі бақыты - байлықпен, материалдық жағдаймен өлшенбейді, адамның ішкі жан-дүниесінің байлығында және адамгершілік іс-әрекеттерінде деп санайды. Ол еңбекті, қоғам мен адам өміріндегі еңбектің жасампаздық рөлін жоғары бағалады [4].

Тағы бір ұлы ойшыл - Ахмед Йүгнеки (XII ғ.) «Хабитал хакаик» («Ақиқат сыйы») атты шығармасында білім игерудің адам үшін орасан маңызды екендігін атап көрсетеді. Дастанда тілді қалай сақтау жөнінде кеңестер мен ережелер беріліп, жомарттық пен сараңдық, тәкәппарлық пен

момындық, дүниеқоңыздық пен ашкөздік туралы айтылып, әдебиет пен ғылымға жоғары баға беріледі және шығармада көптеген нақыл сөздер, мақалдар мен мәтелдер бар [4].

Педагогикалық ой-пікір дамуының екінші кезеңі - бұл ерте заманғы феодалдық үлгідегі мемлекет - Қазақ хандығының құрылу кезеңімен байланысты (XV-XVII ғғ.). Бұл кезеңде қоғамдық тұғырға ойшыл-жыраулар көтерілді, олардың өлең сөздерінің құдіреті бұқара халыққа ықпал етіп, жыраулар үлкен беделге ие болды. Жыраулар хан кеңесшісі, әскер басшысы, рулар мен тайпалардың көсемі болды, жорықтарға қатысты, шайқастарды жырлап, онда өлген батырларға жоқтау айтты. Осы дәуірде ойшыл санлақтар тобынан өзінің педагогикалық бағытымен Асан қайғы, Шалкиіз, Жиымбет жыраулар ерекше дараланады. Бағзы замандардан бүгінгі күнге келіп жеткен Асан қайғы айтыпты делінетін жырлардың әрбір жолдарында терең ой жатыр. Көкірек көзі ашық, көңілі ояу, пәлсапалық ой кешуге бейім ақын-жырауларымыз поэзияның не екенінің, өнердің пәлсапалық, танымдық тағылымын жақсы білген [5].

Қазақстанның келесі бір оқу-ағарту кезеңі XVIII ғ. жоңғар шапқыншылығы кезіндегі Ақтамберді жыраудың (1675-1768 жж.), Бұқар жыраудың (1673-1787 жж.), Шал ақынның (1748-1814 жж.) және басқалардың шығармаларында баяндалған. Бұл ақын-жыраулар жат жерлік басқыншылардан туған жерді қорғау әрбір қазақтың қасиетті міндеті екендігі атап көрсетті. Адам өз кемшіліктерін біліп, өзіне-өзі сынмен қарау керектігін жырлады. Үлкендер мен ата-ананың ақыл-кеңесі - тәрбиедегі басты мәселе. Білім - қазына, өмірдегі бүкіл жақсылықтың бәрі білімнен өрбиді. Келесі бір кезеңі XVIII ғасырдың 30-шы жылдарында Ресейдің қазақ даласын отарлау процесімен (150 жылдан астам уақыт) тура келді. Қазақ даласына Еуропа мен орыстың мәдениет элементтері сыналап ене бастады. Мысалы, Земногор қорғасын-мырыш руднигінің жанынан (Шығыс Қазақстан облысы) тау-кен жұмысшыларының балалары үшін мектеп ашылса, ал 1786 жылы Омбы қаласында қазақ балаларын қабылдайтын, аудармашыларды даярлауға арналған «азиат мектебі» ұйымдастырылды. Қазақ балалары үшін алғашқы ресми мектеп 1789 жылы Орынбор қаласындағы мешіттің жанынан ашылды. Сондай-ақ алғашқы зиялы мектептер де ашыла бастады; олар: Бөкей Ордасы хандығындағы мектеп (1841 ж.), Орынбор шекаралық комиссиясы жанындағы мектеп (1850 ж.) және т.б. [5].

Қазақстан аумағында, әсіресе, оның отырықшы аудандарында, орта ғасыр кезінде-ақ көптеген мектептер (бастауыш мектептері) мен медреселер (орта-жоғары үлгідегі діни оқу орындары) жұмыс істей бастады. Ірі медреселер Отырарда, Исфиджапта, Таразда, Сайрамда және Түркістанда орналасты.

Мектептер ауылдарда, әрбір елді мекенде дерлік болды. Оқушылар күзде және қыста сабақ оқыды (бір жылда 4-6 ай), оқу мерзімі 4 жыл, балалар жеті жастан мектепке барды. Балаларды халықтың қаражатынан төлем алып, молдалар оқытты. Мектептегі оқу ақылы болды, емтихандар жүрзілмеді, оқуды бітіргені туралы куәліктер берілмеді. Оқу процесінде тек араб әріптері мен сөздерін жаттататын, содан соң Құран сүрелерін араб тілінде оқытатын.

Медресе тек мұсылман діні ілімінің ошағы болумен ғана шектеліп қойған жоқ, ол сонымен қатар мәдени орталық та болды, медреседен атакты ақындар, демократ ағартушылар да кезінде білім алған. Оларда дінилімдерден басқа занаңтану, тарих, логика, этика, география, философия, математика, астрономия, медицина және басқа да пәндер оқытылды. Медреселердің жанында ірі кітапханалар жұмыс істеді. Оқу мерзімі әрбір шәкірттің алғырлығына байланысты болды, сондықтан кейде ол 15-20 жылға дейін созылатын еді. Оқу бітіргендерге ресми құжаттар тапсырылды.

XIX ғасырдың от ауызды шешендерінің бірі, кіші жүз қазақтарының көтерілісін басқарушылардың бірі - Махамбет Өтемісұлының (1804-1846 жж.) педагогикалық идеялары демократиялық бағыттылығымен айрықшаланады. Патша өкіметінің отарлық саясатына қарсы шыға отырып, ол өз халқының еркіндігі мен бақытты болуын көкседі. Құлдыққа, қазақ шаруаларының еріксіздігі мен құқықсыздығына қатты күйінген ол халықты күреске шақырып, адамдарды жақсы мен жаманға, атакты мен атақсызға бөлінетін тектік-аксүйектік ұстанымды өткір әжуалады. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап Қазақстан саяси сенімсіз адамдарды жер аударуға айдалатын орынға айналды. Жер аударылғандардың қатарында Т.Г. Шевченко, Ф.М. Достоевский, В.Н. Майков, С.Ф. Дуров, Е.П. Михаэлис және басқа да демократиялық бағыт ұстанған орыс, украин зиялылары болды. Олар Ш. Уәлихановтың, Ы. Алтынсариннің, А. Құнанбаевтың дүниетанымдарының қалыптасуына ықпал жасады. Міне, сондықтан да Қазақстандағы ағартушылық қозғалыстың пайда болуы кездейсоқ құбылыс емес.

Ағартушылықтың Шығыста, әсіресе оның түрік тектес халықтарда дамуы өзінің күрделілігімен, көп қырлығымен, қайшылықтарымен ерекшеленеді. Оның бірінші себебі бүкіл халықтарға Батыс және орыс прогрессивті ағартушыларының әсер еткені болса, екіншіден сол халықтардың капиталдың енуіне қарсы күресі, басқа ұлттың дінін, дәстүрлерін, тұрмыс-салтын қабылдай алмауы еді. Осылардың негізінде ұлттың алдыңғы қатарлы өкілдері, зиялы қауым ел егемендігі үшін ұлттың ерекшелігі мен өзін-өзі сақтауы, ұлттың мәдени дәстүрлерді, дінді, тілді сақтау үшін күресті, талас-тартысқа түсіп отырды. Бұл қайшылықтарды уақытылы көре білген Қазақстанның алдыңғы қатарлы ойшылдары халықты басқа ілгерілеп кеткен елдер мәдениетінен үйренуге, үлгі алуға шақырды. Осындай үндеу, шақыру халық арасында ағартушылық бағытында, белгілі бір жүйемен тарихи тұрғыдан қалыптасты. Сөйтіп, Қазақстанда ағартушылықтың алғы шарттарының қалыптасуы XIX ғасырдың ортасынан бастап XX ғасырдың басына дейін созылды. Ағартушылық ой қазақ халқының ұлттық санасының өсуіне де үлкен әсер етті.

Қазақ еліндегі ағартушылық Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтан (1835-1865 жж.) басталады. Ал ары қара бұл бағыт өз жалғастығын Ыбырай Алтынсарин (1841-1904 жж.) мен Абай Құнанбаевтың шығармаларынан тапты. Қазақ ағартушылары халық қажетіне жарамды, оларға түсінікті көзқарастардың саяси-әлеуметтік, философиялық жүйесін жасауға талпынды, ағарту саласында ерекше еңбек етті.

Қазақ топырағында ағартушылық идеяның алғаш туын көтерген Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов бүкіл әлемдік ғылым-білімнен мейілінше мол сусындаған, жан-жақты білімді, озат ойлы, ерекше дарынды адам еді. Ол өзін терең тарихшы, ерінбес этнограф, батыл саяхатшы, талмас географ, білгір әдебиетші, жалынды публицист, жан сырын ұққыш, нәзік психолог, тәлімгер - үлгілі ұстаз ретінде көрсете білді. Небәрі отыз-ақ жыл өмір сүрген Шоқан өз ғұмырының ішінде бүкіл азаматтың ғылымға, оның көптеген салаларына бағасын мәңгі жоймайтын үлес қосты. Оның алдына қойған мақсаттарының бірі халқының өмірін жете зерттеп, кең даласы мен дархан халқын берісі, орыс, әрісі Еуропа жұртшылығына таныстыру еді. Сондықтан ол өз еңбектерінде дала халқының қоғамдық өміріне ерекше үңіліп жан-жақты зерттеді. Бұл жерде ол танымдық жағынан зор ғылыми маңызы бар деректер келтіріп қана қоймай, кейбір қисынды ой топшылауларын да ортаға салды. Ағартушы-ғалым қазақ даласындағы оқу, мектеп ісін ғылыми негізде құрылып, оқу білімінің бәрі табиғаттың сырларын ашуға бағытталуын, сөйтіп туған халқының алдыңғы қатарлы мәдениетті елдерді қуып жетуін аңсады.

Шоқан Уәлиханов «ұлттық рухты» қайта жаңғыртуға шақырды, өйткені, оның пікірінше, ұлттық рух - халыққа тән қасиет және ол табиғи орта мен қоғамдық құрылысқа байланысты өзінің бірқатар еңбектерінде Шоқан Уәлиханов белгілі бір халықтардың тұрмыс, дәстүр, әдет-ғұрып, мәдениет, дін географиялық орта ерекшеліктеріне мұқият талдау жүргізді. Шоқан еңбектерінде білім - жалпы халыққа бірдей ортақ болсын деген озық идея басым. Бұл ғалымның тәлімдік пікірлерінің интернационалдық сипатын жақсы аңғартады.

Өз халқының келешегінен зор үміт күткен Шоқан озық мәдениетке жетуде ғылымы мен мәдениеті мықтап дамыған елдерден үйрену керектігін, бұл үшін орыс оқуына бой ұру қажеттігін, мұның өзі халқымыздың жалпы адамдарға деген достығын күшейтетін игілікті іс екендігін ескертті. Шоканның ағартушы-ғалым, демократ ретінде көздеген негізгі мақсаты - халқына қайткенде де білім беру, оқыту, дүниетануға жетелеу еді.

Қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы Ыбырай Алтынсарин Қостанай өңіріне белгілі атақты Балқожа бидің отбасында тәрбиеленді, тоғыз жасында (1885 ж.) Орынбор қаласындағы қазақ балаларына арналған 7 жылдық мектепке оқуға түседі. Сол кезде Орынбор Шекара комиссиясында қызмет істеген белгілі шығыс зерттеушісі В.Григорьевтен сабақ алады. Оның үйінде жиі болып, кітапханасынан көркем әдебиет, тарих, философия кітаптарын оқиды. Дүние жүзі әдебиеті классиктері В. Шекспирдің, И.Гетенің, Д. Байронның, А. Пушкиннің, Н. Гогольдің, М. Лермонтовтың, Фердоусидің, Низамидің, Науидің, т.б. шығармаларынан өздігінен оқып нәр алады. Көп ізденіп оқу Алтынсариннің ой-өрісін кеңейтеді, орыстың озық ойлы ғалымы мен мәдениетіне деген құштарлығын арттырады.

Мектепті үздік бітіргеннен кейін, 1857-1859 жылдар арасында Алтынсарин өз атасы Балқожа бидің писары (хатшысы) болады да, 1869 жылы Орынбор облыстық басқармасына кіші тілмаштыққа ауысады. Аз уақыт істеген соң Ыбырай өз тілегі бойынша Торғай қаласында бас-

тауыш мектепке мұғалімділікке келеді. Осылай Ыбырайдың ұстаздық қиын да қызық өмір жолы басталады. Қазақстанның бір түкпірінде білім ошағын ашу оңай емес екенін біле тұра, ол өз жұмысына жүрегімен беріле, қызыға кіріседі. Қазақ балаларының сауатын ашу үшін, халықтан қаржы жинап, мектеп салуды қолға алады. Ақыры оның мақсаты орындалып, 1864 жылы 8 қаңтарда мектептің жаңа ғимараты салтанатты түрде ашылып, мектепке 14 бала жазылады. Балаларға келешекте адам болып қалыптассын деген ниетпен оларға адамгершілік, имандылық жайлы көп айтылған.

Бұрынғы білім беру тәсіліне, оқулықтарға көңілі толмай, Ыбырай жаңа оқулық жазуға кіріседі. Осы мақсатта оның 1879 жылы «Қазақ хрестоматиясы» атты оқулығы және «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» атты дидактикалық оқу құралдары жарық көреді. Бұлар криллицамен жазылған алғашқы еңбек болып есептеледі.

Ыбырай Алтынсарин тек қана оқу жұмыстарымен емес, қоғамдық-саяси өмірге де белсене араласып, ғылым-білімге, дінге, этнографияға қатысты мақалалар жазды. Ол өз шығармалары арқылы қазақ жастарын өнер-білімге, техниканы игеруге шақырады, сөйтіп өркениетті елдердің қатарына тезірек қосылуды армандады. Оқу-білімнің пайдасын қараңғылықпен салыстыра отырып, жырлаған. «Өз елімізге қолдан келгенше қызмет ету - біздің әрқайсысымыздың борышымыз» - деген қағиданы жоғары ұстанған Ыбырай Алтынсарин XIX ғасырда Қазақстан территориясында тұңғыш рет қазақ мектебін ашып, халық болашағы үшін теңдесі жоқ елеулі еңбек етті.

Абай Құнанбаев (1845-1904) - қазақ халқының ұлы ақыны, жазба әдебиетінің негізін салушы ғана емес, сонымен бірге ұлы ойшылы. Абай дүниетануда материалистік тұрғыда болды. Ол табиғат біздің санамыздан тыс және бізге бағынышсыз өмір сүреді деп түсіндіреді. Біздің сеніміміз, қабылдауымыз және түсінігіміз айналадағы ақиқат шындық өмірдің сәулесі ғана дей отырып, дүниені жаратушы бір күш бар деп те қарайды. Бұл жағынан алғанда идеалистік көзқараста болғаны байқалады. Ол табиғат құбылыстарын бір-бірімен өзара байланыста, үнемі өзгерісте, дамуда болады, адамды қоршаған ортаның - табиғаттың ішкі сырын білім-ғылым арқылы білуге болады деп қарастырады. Сондай-ақ оқудағы мақсат халыққа адал қызмет ету екендігін ұқтырды.

Пайда ойлама ар ойла

Талап қыл артық білуге

Артық ғылым кітаптарын

Ерінбей оқып көруге – деп жастарды білім-ғылымды меңгеруге шақырды.

Ұлы ойшыл Абай тәрбие рөліне де көп көңіл бөледі. Ол өзінің «Он тоғызыншы қара сөзінде»: «Адам баласы туа сала есті болмайды. Естіп, көріп, ұстап, татып, естілердің айтқандарын есте сақтап қана естілер қатарында болады. Естіген нәрсені еске сақтау, ғибрат алу ғана есті етеді», - деп ақыл-естің тәрбие арқылы жетілетіндігін ғылыми тұрғыда дәлелдеп береді. Ол өзінің «Отыз жетінші қара сөзінде»: «Мен, егер заң қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім», - деп адам мінезінің тәрбиеге байланысты екендігін дәлелдеді.

Абай «Оныншы қара сөзінде» ғылымсыз ақыреттің де, дүниенің де бос екендігін айтады. Абай, ғылымды «зерек ақыл» мен «ыстық жүрек» арасындағы шыдамдылық қасиеттерінің көзі - қайрат, яғни ерік арқылы түсіндіреді. Абай «ғылым» деп адамның өз басындағы «зәрре ғылымы» арқылы «Тәңір ғылымының» мәніне жетуге ұмтылуын айтады. Бұл Абай: «Адамның ғылымы, білімі хақиқатқа, растыққа құмар болып, әр нәрсенің түбін, хикметін білмекке ынтықтықпенен табылады» дейді. Ал «ғылымға ынтықтықтың өзі адамға өзіндік ғылым береді».

Абай «білімді адам» мәселесіне кеңінен тоқталған. Білімдінің сөзі - түзу сөз. Көкірек көзі ашық болады. Көкіректегі көз ешқашан ұйықтамайды. Демек, білімді адам көңілі ояу, жүрегі айна, түзу сөзге жақын адам. Абай өзінің ең басты міндеті - халыққа қызмет ету деп түсінді, ол жастардан өзінің еліне, халқына зор махаббатпен қарауды талап етті.

Қорыта келе, айтайық дегеніміз қазіргі білім беру жүйесіндегі білім философиясы бағытын қалыптастыру барысында жасалып жатқан зерттеулер мен іс-қимылдар өз бастауларын қазақ мәдениетіндегі, қазақ философиясындағы ағартушылық үлгілерінен алады. Ал енді біздің алдымызда тұрған парыз, осы асыл қазыналарымызды заман талабына сай етіп түрлендіру, жетілдіру, білім беру ісінде тиімді қолдану.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері. II том. Көне түрік бітіктастары мен ескерткіштері. – Алматы: Дайк-Прес, 2010. – 252 б.
- [2] Д.Ө. Құсайынов, П. Сулейменов. Қазақ философиясының тарихы. – Алматы: СаГа, 2015. – 415 с.
- [3] Абу Насыр Әл-Фараби. Дін кітабы. (Китабул милла). – Бейрут, Ливан, 1976 (араб тілінде).
- [4] Аманжолов К., Рахметов Қ. Түркіхалқының тарихы. – Алматы: 2006. – 272 б.
- [5] Ибраева К.Ж. Қазақстандағы тәлімдік ой-пікірдің қалыптасу жөне дамуы // п.ғ.к. дисс. Алматы, 2009. – 137 б.

REFERENCES

- [1] Turkic sources about history of Kazakhstan. 2 volume. Ancient Turkic monuments of stone era. Almaty: Daik-Press, 2010. 252 p.(inKaz.).
- [2] Kussainov D.U., Suleimenov P. History of Kazakh philosophy. Almaty: SaGa, 2015. 415 p.(inKaz.).
- [3] AbuNasyr Al-Farabi. Religion book. (Kitabul milla). Beirut, Lebanon, 1976 (in Arab).
- [4] Amanzholov K., Rakhmetov K. History of turkic people. Almaty, 2006. 272 p.(inKaz.).
- [5] Ibraeva K.Zh. History of creation and development of the pedagogical mind in Kazakhstan // PhD diss. Almaty, 2009. 137 p.(inKaz.).

УДК 341.77

З.К.Аюпова¹, Д.У. Кусайнов²

¹КазНАУ, кафедра права, г. Алматы, Республика Казахстан

²КазНПУ им.Абая, общеуниверситетская кафедра политологии
и социально-философских дисциплин, г. Алматы, Республика Казахстан

К ВОПРОСУ ОБ ИСТОКАХ СИСТЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ В КАЗАХСКОЙ КУЛЬТУРЕ

Аннотация. В современном обществе особое внимание уделяется проблемам реформирования системы образования. Социо-культурные процессы, происходящие в экономике нашего государства, требуют от системы образования компетентных специалистов, способных удовлетворять растущим потребностям производства. Система образования нашей страны имеет свои глубокие исторические корни. Поэтому в данной статье проводится культурно-философский анализ становления и развития философии просвещения. Авторы изучают историю развития и формирования идеи просвещения и ее места в казахской культуре, а также роль просвещения в становлении философии образования в современной системе образования Республики Казахстан. Для полного и достоверного раскрытия данной проблемы авторы глубоко изучили исторические материалы по данной проблеме. Нам кажется, что философия казахского просвещения, занимая свое особое место в мировом философском процессе, вместе с тем очень ярко отражает специфику и сущность становления и развития духовных процессов в формировании национальной идеи нашего государства.

Ключевые слова: образование, система образования, реформы в образовании, национальная культура, национальные школы, национальные университеты, преемственность образования, гуманизация образования, антропоцентристский подход в образовании, дуальное образование.

МАЗМҰНЫ

Химия

<i>Шадин Н.А., Anderson J. A., Закарина Н.А., Волкова Л.Д.</i> Ауыр вакуумдық газойль крекингіндегі монтмориллонитте алюминиймен пилларирленген цеолитқұрамды (HY+HZSM-5) катализатор.....	5
--	---

Әлеуметтік ғылымдар

<i>Құрманов Н.А., Сатбаева А.Ж., Рахимбекова А.Е., Махатова А.Б.</i> Адами потенциалының даму индексі: заманауи әлемдегі Қазақстанның орны.....	14
<i>Панзабекова А.Ж., Турабаев Г.К.</i> Система оплаты и стимулирования труда на предприятиях реального сектора Казахстана.....	20
<i>Турабаев Г.К., Несіпбеков Е.Н.</i> Білім беру ұйымдарының даму процесінің құрамдасы ретіндегі кадрлық резервпен жұмыс жасау.....	27

Физика

<i>Рамазанов Т.С., Коданова С.К., Исанова М.К., Тихонов А., Кайканов М.</i> Инерциялық термоядролық синтез плазмасының транспорттық қасиеттері	34
<i>Рамазанов Т.С., Коданова С.К., Исанова М.К., Тихонов А., Кайканов М.</i> Инерциялық термоядролық синтез плазмасының транспорттық қасиеттері.....	43

Химия

<i>Малышев В.П., Зубрина Ю.С., Макашева А.М.</i> Өзіндік ұйымдастыру үрдістерінің түсінігінде Больцман-Шеннон энтропиясының рөлі.....	53
<i>Комекова Н.М., Козлов В.А., Жұрынов М.Ж.</i> Қара сланецтен ванадийді күкүрт қышқылды атмосферлі-автоклавты шаймалау	62
<i>Баешов А.Б., Адайбекова А.А., Абдувалиева У.А.</i> Молибден электродының натрий гидроксиді ерітіндісіндегі электрохимиялық қасиеті.....	70

Жер туралы ғылымдар

<i>Метакса Г.П., Чекушина Т.В., Молдабаева Г.Ж., Метакса А.С.</i> Байкал көлі – көмірсутектердің табиғи реакторы..	77
--	----

Биология

<i>Хакімжанов А.А., Мамытова Н.С., Бескемпірова Ж.Д., Тілеген Б., Дәлелханқызы А., Кузовлев В.А., Айтхожина Н.Ө.</i> Бидайдың хитиназалық кешені және оның кейбір қасиеттері	85
--	----

Техникалық ғылымдар

<i>Жирнова О.В., Тойгожинова А.Ж., Жакипов Ж., Туриканов Т.С., Оразалин А., Матенов Н.</i> Парниктік газдар шығарындыларын азайту автоматтандырылған басқару жүйесін жану процесі биогаз математикалық модельдерін әзірлеу.....	94
<i>Қалдыбаева Б.М., Хусанов А.Е., Дмитриев Е.А., Сабырханов Д.С., Абылмағжанов А.З.</i> Хемосорбциялық аппаратта гидродинамикалық жағдайды және конструкциялық ерекшеліктерін ескере отырып ағындардың құрамын есептеу.....	106

Қоғамдық ғылымдар

<i>Аюпова З.К., Құсайынов Д.Ө.</i> Қазақ мәдениетіндегі білім беру жүйесінің бастаулары мәселесіне	115
<i>Даулетбаков Б.Д., Примжарова К.К., Қонырбеков М.Ж.</i> Қазақстан республикасы өңірлерінде интеллектуалды әлеуетпен қамтамасыз ету саласындағы инновациялық қызмет деңгейін модельдеу және бағалау.....	122
<i>Қалдыбай Қ.Қ., Абдрасилов Т.Қ., Насимов М.Ө.</i> Заманауи қазақ ойшылдарының дінтанулық мұраларындағы адам мәселесі.....	131
<i>Магай Т.П.</i> Трансформация бизнес-білім беру: инновациялық тәсіл.....	141
<i>Мырзағалиева А.Б., Туктасинова А.А., Самарханова Т.Н., Акзамбек А.М.</i> Алтай қасқыржидегін (<i>Daphnealtaicarpall.</i>) <i>In vitro</i> мәдениетіне енгізу.....	151
<i>Ордабаева М.</i> Қазақстандағы емдік-сауықтыру туризм үрдістерінің мәселелер мен ағымдары.....	161
<i>Саткалиева Т.С.</i> Қазақстан энергетикалық секторының даму үрдістері	167
<i>Берік А.Б.</i> Психикалық дамуы тежелген балаларды психологиялық қолдау.....	176

СОДЕРЖАНИЕ

Химия

<i>Шадин Н.А., Anderson J. A., Закарина Н.А., Волкова Л.Д.</i> Цеолитсодержащий (HY+HZSM-5) катализатор на пилларированном Al - монтмориллоните в крекинге утяжеленного вакуумного газойля.....	5
---	---

Социальные науки

<i>Курманов Н.А., Сатбаева А.Ж., Рахимбекова А.Е., Махатова А.Б.</i> Индекс развития человеческого потенциала: место Казахстана в современном мире.....	14
<i>Панзабекова А.Ж., Турабаев Г.К.</i> Система оплаты и стимулирования труда на предприятиях реального сектора Казахстана.....	20
<i>Турабаев Г.К., Несипбеков Е.Н.</i> Работа с кадровым резервом как составляющая процесса развития образовательных организаций.....	27

Физика

<i>Рамазанов Т.С., Коданова С.К., Исанова М.К., Тихонов А., Кайканов М.</i> Транспортные свойства плазмы инерционного термоядерного синтеза.....	34
<i>Рамазанов Т.С., Коданова С.К., Исанова М.К., Тихонов А., Кайканов М.</i> Транспортные свойства плазмы инерционного термоядерного синтеза.....	43

Химия

<i>Малышев В.П., Зубрина Ю.С., Макашева А.М.</i> Роль энтропии Больцмана-Шеннона в понимании процессов самоорганизации.....	53
<i>Комекова Н.М., Козлов В.А., Журинов М.Ж.</i> Сернокислотное атмосферно-автоклавное выщелачивание ванадия из черных сланцев.....	62
<i>Баешов А.Б., Адайбекова А.А., Абдувалиева У.А.</i> Электрохимическое поведение молибденового электрода в растворе гидроксида натрия.....	70

Науки о Земле

<i>Метакса Г.П., Чекушина Т.В., Молдабаева Г.Ж., Метакса А.С.</i> Озеро Байкал – природный реактор углеводородов.....	77
---	----

Биология

<i>Хакимжанов А.А., Мамытова Н.С., Бескемпирова Ж.Д., Тилеген Б., Далелханкызы А., Кузовлев В.А., Айтхожина Н.А.</i> Хитиновый комплекс пшеницы и некоторые его свойства.....	85
---	----

Технические науки

<i>Жирнова О.В., Тойгожинова А.Ж., Жакипов Ж., Туриканов Т.С., Оразалин А., Матенов Н.</i> Разработка математической модели для автоматизированной системы управления процессом сжигания биогаза для снижения выброса парниковых газов.....	94
<i>Калдыбаева Б.М., Хусанов А.Е., Дмитриев Е.А., Сабырханов Д.С., Абилямагжанов А.З.</i> Расчет структуры потоков с учетом гидродинамической обстановки и конструктивных особенностей в хемосорбционном аппарате.....	106

Общественные науки

<i>Аюпова З.К., Кусаинов Д.У.</i> К вопросу об истоках системы образования в казахской культуре.....	115
<i>Даулетбаков Б.Д., Примжарова К.К., Конырбеков М.Ж.</i> Моделирование и оценка уровня инновационной деятельности в сфере обеспечения интеллектуальным потенциалом регионов республики Казахстан.....	122
<i>Калдыбай К. К., Абдрасилов Т.К., Насимов М.О.</i> Проблема человека в религиозном наследии современных казахских мыслителей.....	131
<i>Магай Т.П.</i> Трансформация бизнес-образования: инновационный подход.....	141
<i>Мырзагалиева А.Б., Туктасинова А.А., Самарханов Т.Н., Акзамбек А.М.</i> Введение в культуру <i>In vitro</i> волчегородника Алтайского (<i>Daphnealtaicapall</i>).....	151
<i>Ордабаева М.</i> Современные проблемы и тенденции развития лечебно-оздоровительного туризма в Казахстане.....	161
<i>Саткалиева Т.С.</i> Тенденции развития энергетического сектора РК.....	167
<i>Берик А.Б.</i> Психологическое сопровождение детей с задержкой психического развития.....	176

CONTENT

Chemistry

- Shadin N.A., Anderson J. A., Zakarina N. A., Volkova L.D.* Zeolite containing (HY+HZSM-5) catalyst on pillared Al-montmorillonite for cracking of weighted vacuum gas oil..... 5

Social sciences

- Kurmanov N., Satbayeva A., Rakhimbekova A., Makhatova A.* Human development index: place of Kazakhstan in the modern world..... 14
- Panzabekova A.Zh., Tyurabayev G.K.* The system of payment and stimulation of labor at real sector enterprises of Kazakhstan 20
- Tyurabayev G.K., Nesipbekov Ye. N.* Work with personnel pool as a constituent of educational organizations development process 27

Physics

- Ramazanov T.S., Kodanova S.K., Issanova M.K., Tikhonov A., Kaikanov M.* Transport properties of inertial confinement fusion plasmas..... 34
- Ramazanov T.S., Kodanova S.K., Issanova M.K., Tikhonov A., Kaikanov M.* Transport properties of inertial confinement fusion plasmas..... 43

Chemistry

- Malyshev V.P., Zubrina Y.S., Makasheva A.M.* The role of the boltzmann-Shannon entropy in understanding the processes of self-organization..... 53
- Komekova N.M., Kozlov V.A., Zhurinov M.Zh.* Sulfuric acid atmospheric pressure leaching of vanadium black shale..... 62
- Bayeshov A.B., Adaybekova A.A., Abduvaliyeva U.A.* Electrochemical behavior of electrodes of molybdenum in sodium hydroxide solution..... 70

Earth sciences

- Metaksa G.P., Chekushina T.V., Moldabaeva G.Zh., Metaksa A.S.* Lake Baikal - natural reactor of hydrocarbons..... 77

Biologiya

- Khakimzhanov A.A., Mamytova N.S., Beskempirova Zh.D., Tilegen B., Dalelhankhyzy A., Kuzovlev V.A., Aitkhozhina N.A.* Wheat chitinase complex and some of its properties..... 85

Technical sciences

- Zhirnova O.V., Toigozhinova A.Zh., Zhakipov Zh., Turikanov T.S., Orazalin A., Matenov N.* Development of mathematical models for automated control system combustion process biogas to reduce greenhouse gas emissions..... 94
- Kaldybaeva B.M., Khusanov A. E., Dmitriev E.A., Sabyrkhanov D.S., Abilmagzhanov A.Zh.* Calculation of the bubble diameter, taking into account the hydrodynamic conditions and structural features in the chemisorption apparatus..... 106

Social Sciences

- Ayupova Z.K., Kussainov D.U.* To the question about the sources of the system of education in kazakh culture..... 115
- Dauletbaev B.D., Primzharova K.K., Konyrbekov M. Zh.* Modeling and assessment of the level of innovative activity in the sphere of intellectual potential of regions of the republic of Kazakhstan..... 122
- Kaldybay K.K., Abdrassilov T.K., Nassimov M.O.* The problem of human in the religious heritage of modern kazakh thinkers..... 131
- Magay T.P.* Transformation of business education: an innovative approach..... 141
- Myrzagaliev A.B., Tuktassinova A.A., Samarkhanov T.N., Akzambek A.M.* In vitro introduction of daphne *Altaica pall*..... 151
- Ordabayeva M.* Current issues and trends of the medical and health tourism in Kazakhstan..... 161
- Satkalieva T.* Trends in energy sector of Kazakhstan..... 167
- Berik A.B.* Psychological support of children with mental retardation..... 176

**Publication Ethics and Publication Malpractice
in the journals of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan**

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan implies that the work described has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the originality detection service Cross Check <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan.

The Editorial Board of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

www.nauka-nanrk.kz

ISSN 2518-1483 (Online), ISSN 2224-5227 (Print)

<http://www.reports-science.kz/index.php/ru/>

Редакторы *М. С. Ахметова, Д. С. Алёнов, Т.А. Апендиев*
Верстка на компьютере *А.М. Кульгинбаевой*

Подписано в печать 09.12.2016.
Формат 60x881/8. Бумага офсетная. Печать – ризограф.
5,5 п.л. Тираж 2000. Заказ 6.